

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

## АБАЙ ҚУНАНБАЙҰЛЫ МЕН ОНЫҢ ІЗБАСАРЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДҮНИЕ ЖӘНЕ АХИРЕТ ҰҒЫМДАРЫ

*Шәріп А.*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ түркітану кафедрасының профессоры, филол.ғ.д.*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: [amantay\\_sh@mail.ru](mailto:amantay_sh@mail.ru)*

**Abstract.** In the works of the classic of Kazakh literature Abay Qunanbaiuly, a significant place is occupied by his philosophical reflections on the meaning of human life. He examines this problem in the context of social and moral relations that developed in Kazakh society in the second half of the 19th and early 20th centuries, and subjects the spiritual image of his contemporaries to merciless criticism. The great thinker, whose ethical teaching was based on the fundamental postulates of the Islamic worldview, judges the eternal values of humanity in the context of an existential dichotomy and such concepts as the Temporal World - *Dunya* (Arabic: دُنْيَا) and the Hereafter - *Akhira* (Arabic: الأخرَة). Abay, being a brilliant connoisseur of the Koran, hadiths and works of Muslim theologians, organically weaved deep interpretations and innermost thoughts into the fabric of his poems and "Words of Edification". Previously, many scientists made a methodological error when analyzing the meaningful expression "two sides" ("eki zhaq") from the confessional verse – "Eight lines" of the poet, without much hesitation investing in its content the cultural paradigm "West and East", although it contains a completely different semantic load. In fact, Abay outlined the psychological portrait (character) of a person who, without doing good deeds in worldly life and without making efforts to earn the mercy of Allah on the Day of Judgment, is "between two fires" and is doomed to suffer. The humanistic ideal of Abay is a "perfect person" ("tolyq adam"), striving for inner unity with God through the development of the "Mind - Heart - Strength" triad in himself. In the post-Abai period of Kazakh literature, ideas and motives associated with the concepts of *Dunya* and *Akhira* found further artistic expression in the works of such poets as Sh. Kudaiberdiuly, M. Dulatuly, S. Toraiygyruly, M. Zhumabayuly and others.

**Keywords:** Abay Qunanbaiuly, *Dunya* (Temporal World), *Akhira* (Hereafter), existential dichotomy, Day of Judgment, West and East, Kazakh literature.

**Аннотация.** В произведениях классика казахской литературы Абая Кунанбайұлы значительное место занимают его философские размышления о смысле жизни человека. Он рассматривает эту проблему в контексте социальных и нравственных отношений, сложившихся в казахском обществе во второй половине XIX и начале XX вв., и подвергает беспощадной критике духовный облик своих современников. Великий мыслитель, этическое учение которого основывалось на фундаментальных постулатах исламского мировоззрения, судит о вечных ценностях человечества в контексте экзистенциальной дихотомии и таких понятий как Временной Мир – *дунья* (араб. دُنْيَا) и Будущая Жизнь – *ахират* (араб. الأخرَة). Абай, будучи блестящим знатоком Корана, хадисов и трудов мусульманских богословов, органически вплетал глубокие толкования и сокровенные мысли в ткань своих стихотворений и «Слов назиданий». Прежде многие ученые допускали методологическую ошибку при анализе многозначительного выражения «две стороны» («екі жақ») из исповедального произведения – «Восьмистиший» поэта, без долгих раздумий вкладывая в его содержание культурную парадигму «Запад и Восток», хотя в нем заложена совсем другая смысловая нагрузка. На самом деле, Абай обрисовал психологический портрет (характер) человека, который не совершая благих деяний в мирской жизни и не прилагая усилий, чтобы заслужить милость Аллаха в Судный День, находится «между двух огней» и обречен на страдания. Гуманистический идеал Абая – это «совершенный человек» («tolyq adam»), стремящийся к внутреннему единству с Богом через развитие в себе триады «разум – сердце – воля». В пост-Абайский период казахской литературы идеи и мотивы, связанные с концептами *дунья* и *ахират* нашли дальнейшее художественное воплощение в произведениях таких поэтов как Ш.Кудайбердиұлы, М.Дулатұлы, С.Торайғырұлы, М.Жумабайұлы и др.

**Ключевые слова:** Абай Кунанбайұлы, *Дунья* (Временный мир), *Ахират* (Потусторонний мир), экзистенциальная дихотомия, Запад и Восток.

Қазіргі парасатты, пәтуәлі ғылымның қарауылынан қарағанда, мәдениеттер тоғысының шет-шекарасын диалогизм принципіне орайласқан (М.Бубер, М.Бахтин, В.Библер, Ю.Лотман) *мәдениеттер мәмілесі* қағидасымен қиыстырған ұтымды. Өйткені белгілі бір мәдениеттің бөтен мәдениетпен жүзбе-жүз жолығып, теңбе-тең сұхбаттасқан-сырласқан сәтінде ғана өзін анағұрлым толығырақ, тереңірек танып-түйсініп, қадір-қасиетін қайта құнтайтыны сөзсіз. Бұл бір мәдениеттің басқа бір мәдениетке жұтылу арқылы жойылып тынуын емес, керісінше – өзара ауысу-алмасу, сіңісу-синтезделу, үйрену-үрдістену нәтижесінде бұрынғыдан бетер баюын, бағалануын дәріптеуді көздейді. Әрине, мәдениеттер мәмілесін атүсті, асығыс түсінудің – яғни, оны аяқ асты етудің өлі судай томаға-тұйықтыққа, абсолюттендірудің бұлдыр, беймәлім бағдарсыздыққа сүйрейтіндігін де әркез ұмытпаған жөн; іс жүзінде ақырғы төрелікті айтатын төбеби – тарихи ситуация тудырған ұлттық мұрат-мүдде. Сондай-ақ, әлеуметтік-мәдени «Шығыс-Батыс» парадигмасын қайсыбір мәдени құбылысқа, оның ішінде жекелеген автордың жекелеген туындысына таңып, таңбалағанда да абай болған абзал.

Ұлы Абайдың теңдессіз талантының сұрып-сүзгісі арқылы төл топырағымызға Мағырып пен Машырық мәдениетінің беталды баспаламай, инабаттана, икемделе келгендігін, бұрынғы бай дәстүрге жаңашылдықпен жұптаса жарасып кеткендігін көреміз. Мұның төркіні мен тұңғиығы, сыры мен сипаты жайында талай жазылды; әлбетте, әлі де жазылашақ жайлары жетерлік. Абайлық «меннен» танылатын Қазақ-Шығыс-Батыс синтезі ақын шығармашылығының күллі контексінен көзі қарақты кісіге оңай оқылады. Бәлкім, ауызша айтса айтқан шығар, бірақ данышпан тұлғаның өлеңдерінен не қара сөздерінен «Мен Батыстан мынаны білдім, Шығыстан ананы анықтап алдым...» деген секілді бірде-бір сілтеме сөзді ұшыратпаймыз; тіпті ол үшін Батысқа, Шығысқа бөлінбейтін тұтас әлем ғана бар тәрізді. Біз болсақ, кейде жоқ жерден жаңалық жасауға жүгіретін әдетімізге әуестеніп, Абайды бұрмалап жібергенімізді байқамай жатамыз; қызды-қыздымен ойламағанын ойлатамыз. Мысалы, ақынның «Сегіз аяқ» өлеңіндегі: «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім...» - деген қатарлар оқымыстыларымыздың орынсыз қателігінің құрбандығына жиі шалынып жүр. Бар бәле мынада, «екі жаққа үңілу» біздің эклектикалық өріс-өремізде («Абайдың мұны жазбауы мүмкін емес» немесе «Іздегенімді таппай қоймаймын» сыңайындағы байызсыздығымыз тағы бар) «Батыс пен Шығысқа үңілу» дегенмен ассоциациялана, айқұшақтана қалады. Бұған қоса, ізденімпаз автордың «ғылымды іздеп, дүниені көздеп» шарқ ұрғандығы да шындық деп шамалаймыз. Логикалық жағынан бәрі қиысып-құйылып тұрғандай. Бірақ біздің елеп-ескермейтініміз жалғыз-ақ нәрсе, ол – Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі әр шумақтың бір-бір түйінделген, тұжырылған ойды тиянақтайтындығы. Сондықтан онымен толық танысалық:

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үңілдім.  
Құлағын салмас,  
Тіліңді алмас,  
Көп наданнан түңілдім.  
Екі кеме құйрығын,  
Ұста, жетсін бұйрығың! [1. 130]

Басқасын былай қойғанда, қорытынды қос қатардың өзі-ақ біздің адасқанымызды аңғартады. «Екі кемеңіз» де Батыс пен Шығысты меңзесе, олардың «құйрығын ұстаймын» деп жүргенде «бұйрығыңыз жетсе» онда «екі жаққа үңіліп» қажеті қанша?! Ендеше, шумақтың тылсым-тұспалы басқада болғаны да.

Бізге ең алдымен Абайдың өзі көмекке келеді.

Ол «Төртінші сөзінде»: «Осындай ғафилдік көп өткізіп, өлмеген кісінің не *дүниеде*, не *ахиретте* басы бір ауырмай қалмаса керек. Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не *дүние* шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек» [2. 162] –деп жазыпты. Міне, біз әдейі

курсивпен теріп көрсеткен **дүние** және **ахирет** ұғымдары Абай өлеңіндегі «екі жақты» білдіреді.

Ақынның «дүниені көздеу» дегенін жарық жалғанда «бос жатпау, тіршілік ету, шаруа қылу, еңбек жасау, пайда табу» мағынасында түсінсек, «ғылымды іздеуінің» жай-жапсарын «Оныншы сөзіне» айтылған: «*Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір орнына бармайды*» [2. 63], – деген сөздерінен салмақтаймыз. Ғұлама ойшыл мұнымен де тоқтап тұрмай, бір-бірінен бөлгісіз «ахирет-дүние» мәселесін әрі қарай тереңдете түседі. Оған «Отыз төртінші сөздегі» келесі пайымдары куә: «Кімде-кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек: еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы – олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. Олай болғанда, қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес. Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен! Егерде екі нәрсе кез келгенде алармын деп, жоқ, егер кез болмайтұғын болса, кең құдай өзі кеңшілікпен кешіреді-дағы, мына кезі келіп тұрғанда мұны жіберіп болмас деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе, ахиретті дүниеге сатқаным жоқ деп, нануға бола ма? Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей екен» [2, 94]. Демек, ақын өлеңіндегі «екі кеме» – Батыс пен Шығыстың емес, фәни мен бақи – *екі дүниенің* баламасы. Және «мыңмен жалғыз алысқан» дананы» – не ахиреттің, не дүниенің қамын жасай алмай жүрген, «құлағын салмас, тіліңді алмас, көп наданнан түңіліп», ақыр соңында оларға: «Екі кеме құйрығын, Ұста, жетсін бұйрығың!» – деп ащылап айтуының астары да ашылады.

Демек, өз заманындағы қазақ рухының қалпын рәміздеген «Сегіз аяқты» біз талдаған шумағы Абай гуманизмнің діни ұстын-ұйтқысынан хабардар етеді екен.

Ақынның моральдық философиясының сорабын сездіретін әлгідегі: «...қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса – мұсылман емес!» – деген концептуалды көзқарасы оның өлеңдерінде де өрнектелген.

Мысалы:

Дүниеге дос ахиретке бірдей болмас,

Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.

*Дүниеге ынтық, мәшиғарға амалсыздың*

Иманын түгел деуге аузым бармас [1. 263].

Жалпы, зар заманның діндар ақыны Шортанбайды былай қойғанда («Жалғанды жолдас демендер, Ахирет қамын іздендер!»), Абайдан соңғы қазақ поэзиясындағы ағартушылық ағым өкілдерінің арасында да *екі дүние* тақырыбын айналып өткендері аз. Олардың баршасына бұл дүниенің өлшемі — ахирет; тек таразы-талқыға салатын нәрселері әртүрлі.

Айталық, Әбубәкір Кердерінің тезге тартатыны — *әділдік пен әкімдік және дінге адалдық* мәселелері. Ол өзінің бір толғауында:

Әділдік *екі жиһанда* бірдей жақсы,

Ұжмақтың көрер деген райысын.

Дүниеде хакім болып, ғәділ болса,

Кешірер деген сөз бар күнәйсін [5. 134], –

десе, Дербісәлі биді: «Дүние, ахиретті бірдей ойлап, Жандырып дін шырағын, мешіт салдың» [5. 137], – деп мадақтайды.

Сұлтанмахмұт Торайғыров гуманизмінің идеалы да – *әділет пен адамшылық* («Жан қайда әділетті іздейтұғын, Адамшылық атақты көздейтұғын, Тірлік пен өлген күнді бірдей ойлап, Екі жайдан күдерді үзбейтұғын») [8. 25].

Шәкәрім Құдайбердіұлы *ар* жолынан айнығандарды «екі дүние» жазасына жегілуден сақтандырады («Құдай кешер алда» - деп күнә қылмақ, Ар кетіріп, ант ішіп, жан сатылмақ, Не жалғанда, немесе ахиретте Оңа алмастай өкпеден бір атылмақ») [7. 56].

Абай ізімен, ағартушылық аңсарына сәйкес *ғылымды* көкке көтеру талабы да баршылық (Мақыш Қалтайұлы: «Күллі ісі оңға келмес надандардың, Екі дүние ғалым мен надан тең бе?»; Баймұхамбет Бейсембинов: «Ғылымның қадірін біліп оқымаған, Зарур боп екі дүниеде қалар дейді», т.б.).

Сөйтіп, мұсылманшылық аясындағы *екі дүние* тақырыбы ағартушылық кезең поэзиясында кең парықталғандығы көрінеді және оның сол тұстағы жалпы жұртқа ортақ моральдық ой машығынан мағлұмат бере алатындығы байқалады.

Міржақып Дулатұлы өзінің «Оян, қазақ!» кітабының кіріспесінде халқына насихат-нұсқа таратқанда да сол сарынды қоса-қыстыра сөйлейді. «Қой, бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, ол һүнерге аллатағала қасында һиммәтіміз саясында біз қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік ғайдамызды табалық, – деп жазады ол, – Екінші – дүниеімізде қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмес үшін орысша оқып, һүнерлі болалық» [3. 25-26]. Бір қызығы, қайраткер-қаламгердің мына үгіт-үндеудің мәтініне үңілсек, оның қыртыс-қатпарынан *ахиреттік пайданың* – Шығыспен (діни ислам), *дүниелік хақылардың* – Батыспен (оқу, ғылым, өнер, кәсіп, т.б.) өздігінен өрелесіп-өріліп жатқандығын ажыратып аламыз.

Жоғарыда айтылған қағидалар Қасиетті Құранның «Әл-Қасас» сүресіндегі: «Алланың саған берген нәсібін Ақырет қамына жаратқайсың, бірақ осы өмірдегі сыбағанды да ұмытпа!», - деген сөздермен ұштасып тұрғанын аңғарамыз [б. 568].

Тәрізі, ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында орын тепкен объективті тарихи оқиғалар, идеологиялық итырқылжындар, ең ақыры – санасы оянған сахарادا Шығыс пен Батыс құндылықтарының іс жүзінде бетпе-бет келуі зиялыларымыздың дағдылы дәстүрлі, діни *екі дүние* тақырыбының азаматтық аяда керегесін кеңейтуіне себеп-септігін тигізді.

Замана сазына сәйкестенген сана-сезім эволюциясын сараптап алған соң, Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан» атты өлеңінің: «Түркістан – екі дүние есігі ғой [4. 124] деген алғашқы жолына жұмырлана жинақталған, сығымдала сыйғызылған мәністерді байыптауға болады.

Біріншіден, бұл қатарда үйреншікті, үрдісті *екі дүние* мәселесі жаңаша жаңғыртылған. Тарихи білімі терең ақын Түркістан аймағының екі – көшпелі және отырықшы мәдениетті тоғыстыруға тұтқа болғандығын, оның екі идеологиялық арна – мәжусилік пен мұсылманшылықтың «арасын бұзып өтіп дінді ашқан» (Қазтуған) мән-маңызын ишаралайды.

Екіншіден, бүкіл өлеңнің бітімінен байқалатындай, ақын *екі дүние* ұғымын романтикалық әуезбен жырланатын *байырғы мен бүгінгі* арасындағы байланыспен астастырады. Мұндағы тәпсірленетін «байырғысы» («Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!») – ахиреттің, «бүгінгісі» – қазіргі бар болмыстың, жарық жалғанның символы.

Үшіншіден, «Күнбатыс-Күншығыс» тайталасын жеріне жеткізе жырлаған ақын Түркістанның осы екі дүние – Батыс пен Шығыс өркениеттерін көнеден түйістіріп келген кіндіккөпір мекен екендігін елеусіз қалдыруы да – неғайбыл нәрсе.

Сондықтан «екі дүниенің есігі» болған Түркістан мадақтауға да, мақтануға да лайық:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.  
Тамаша Түркістандай жерде туған  
Түріктің тәңірі берген несібі ғой!

Міне, дін мен саясатты поэтикалық пішінде синтездеудің керемет үлгісін көрсеткен Мағжанның түркішілдік-тәңіршілдігі мұсылманшылықтың *екі дүние* турасындағы қағида-қисынымен осылайша кіріктіріліп-контаминацияланған.

Сонымен, реалист Абайдан романтик Мағжанға дейінгі аралықта «екі жақ» (екі дүние, екі жиһан, екі жай) тақырыбының әдеби-тарихи дамудың даңғылында өзегінен өткерген өзгерістерін тексеріп-талдап-талқылаудан түйгеніміз осы.

Тек тиянақтап айтатынымыз: Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі «екі жаққа үңілуі» біз ойлағандай «Батыс-Шығыс» парадигмасына сабақтас емес; оның орнына – «Қазақ-Шығыс», нақтылағанда, «қазақ-ислам» ара қатысымен қауышып-қабысып жатыр.

### Әдебиеттер тізімі:

1 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.

2 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. Поэмалар, қара сөздер мен хаттар, музыкалық шығармалар. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.

3 Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. – Алматы: Мектеп, 2002. – 368 б.

4 Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: Жазушы, 2008. – 208 б.

5 Кердері Әбубәкір. Қазағым: Өлең, толғаулар, айтыс, жырлар. – Алматы: Жазушы, 1993. – 288 б.

6 Қасиетті Құран: мағынасы мен түсініктемелері. Араб тілінен аударған – Ершат Оңғаров, әдеби редакциялаған – Нұржан Мұратәлі. – Нұр-Сұлтан: 2020. – 1016 б.

7 Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар (Құраст. М.Мағауин). – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.

8 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1993. – 280 б.

## ӘОЖ 82.09

### АЛАШ ӘДЕБИЕТІ – АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ\*

<sup>1</sup>Жұмағұл С., <sup>2</sup>Шалғынбекова А.

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.д., Астана қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының іс қағаздарын жүргізуші, п.ғ.м., Астана қ., Қазақстан

E-mail: [1Sagymbai.zhumagul@mail.ru](mailto:1Sagymbai.zhumagul@mail.ru), [2ayauuzhan@mail.ru](mailto:2ayauuzhan@mail.ru)

**Abstract.** The article focuses on the works of academician Zaki Akhmetov, who studied the current problems of the development of Kazakh literature at the beginning of the 20th century in a new way. Articles about the work of prominent figures of Alash literature are considered. In particular, the importance of articles differentiated from the point of view of the traditions of Abai in literature at the beginning of the 20th century, of the works of Akhmet Baitursynuly, a reformer who became the teacher of the nation, and of Shakerim – a classic of Kazakh literature in the national literary science is revealed.

1987-1989 жылдары СОКП «30-40-жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында орын алған репрессиялармен байланысты материалдарды қосымша зерттеу туралы СОКП ОК Саяси бюросының комиссиясын құру туралы» (1987.28.09), «Заңсыз қуғын-сүргін, репрессиялар құрбандарына ескерткіш орнату туралы» (1988.4.07), «30-40-жылдар және 50-жылдар басында заңсыз репрессияланған тұлғаларды ақтаумен байланысты жұмыстарды аяқтауға қатысты қосымша іс-шаралар туралы» (1988.11.07), «30-40-жылдар кезеңі және 50-жылдар басында орын алған репрессияларда құрбан болғандарға қатысты әділдікті орнатуға байланысты қосымша іс-шаралар туралы» (1989.5.01) бірнеше қаулы қабылдады [1. 15-19].